

№3 мамыр
м а й 2019 (16)

ZIAT



**Қадырова Ш.
Батыс Қазақстан облысы
білім басқармасының
басшысымен сұхбат
4б.**



Редактор бағаны

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы - 2050»: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында: «Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы» деп, халқымызды алда күтіп тұрған асқар асуларды, төтенше маңызды мақсат-міндеттерді атап көрсетіп берген еді. Осы Жолдауда Қазақстан Республикасындағы білім беру мәселесін айрықша атап көрсетіп (Қазақстан жолы – 2050. 4 бағыт. БІЛІМ ЖӘНЕ КӘСІБИ МАШЫҚ - ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ, КАДР ДАЯРЛАУ МЕН ҚАЙТА ДАЯРЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒДАРЫ/ Біздің жұмыстарымыздың білім беру саласындағы басымдықтары), бұл салаға жаңашылдық енгізіп, түрліше реформалауды баса айтып көрсеткен.

Кез-келген мемлекеттің болашағы оның білім және ғылым деңгейінің қаншалықты дамуына тікелей байланысты. «Ел болам десек - бесігінді түзе» деп ұлы Мұхаң айтқандай, осы күні өсіп-жетіліп келе жатқан жас жеткіншектерге, оқушылар мен студенттерге білім берудің соны тәсілдерін қолданып, олардың қоғамда толық азамат болып қалыптасуына ықпал ете білу керектігі күн тәртібінен түспеген мәселе.

Осы орайда «ZIAT» ғылыми-әдістемелік орталығы» ЖШС 2016 жылдың мамыр айынан бастап шығаратын «ZIAT» ғылыми-әдістемелік журналы білім беру және ғылым кеңістігіндегі инновациялық жаңалықтарды және педагогтар, студенттер, оқушылар мен мектепке дейінгі жастағы бүлдіршіндердің ғылыми-танымдық еңбектерін жариялап отырмақ. Журналдың негізгі міндеті: оқушылар, студенттер және ұстаздардың түрлі тақырып бойынша жазған еңбектерін көпшілік назарына ұсыну, мұғалімдерге білікті педагог ретінде қалыптасуға жәрдемдесу, ғылымдағы әр деңгейдің арасында қарым-қатынасты нығайтуға әрекет ету. Журнал мектепке дейінгі мекемелерден бастап жоғары оқу орындарына дейінгі аралықтағы мәселелерді қамтиды.

**№3 (16)
май 2019**

Құрылтайшы/Учредитель
"ZIAT" Ғылыми-әдістемелік орталығы
Научно-методический центр "ZIAT"

"ZIAT" журналы 2016 жылы 25 мамырда
Қазақстан Республикасы Мәдениет және
Ақпарат министрлігінде тіркеліп,
№16000-Ж куәлігі берілген.
Журнал "ZIAT"
зарегистрирован 25 мая 2016г
в министерстве Культуры и информации
Республики Казахстан и выдано
свидетельство №16000-Ж.
ISSN: 2617-1937

Журнал Қазақстан Республикасының
мерзімді баспасөз тізіміне енгізілген.
МББ индексі 74926.
Журнал включен в список
периодических изданий
Республики Казахстан.
Индекс ППИ 74926.

Шығу жиілігі: Жылына 6 рет шығады
Мақалалар қазақ, орыс, ағылшын
тілдерінде басылады.
Периодичность:
Выходит 6 раз в год,
материалы публикуются на
казахском, русском, английском языках.

Адрес редакции:

010000

г.Нур-Султан,
ул. Иманова 50

E-mail:

ziat.journal@mail.ru

Сайт:

www.centeroir.kz

Журналды редакциядан
сатып алуға болады.
Жазыламын деушілер
жоғарыдағы мекен-жайға
хабарласа алады.

Таралымы/Тираж
1000

Редактор/ редактор:

Сергазинова А.К.

Редактор орынбасары/Зам.редактора

Идрисов Б.Ш.

Беттеуші-дизайнер/Дизайн, верстка

Кимашева Г.Е.

Редакциялық алқа/Редакционный совет:

Жұманова Б.Қ. – "ZIAT" ҒӨО-ғы" ЖШС директоры

Урынбасарова Э.А. – п.ғ.д., профессор

Орынбаев А. А. – п.ғ.к.

Төреқұлова Д. М. – э.ғ.д., профессор,
ҚазҚЭЖХСУ "Менеджмент" кафедрасының меңгерушісі

Төреқұлова Ә. Н. – PhD докторы,

"ZIAT" ҒӨО-ғы" ЖШС ғылыми қызметкері

Үмбетпаева С. К. – жоғары категориялы ұстаз,
РФ-ның еңбек сіңірген қызметкері, Ресей құрметті ұстазы

Баймағамбет О.А. – педагог-әдіскер

Жуманова Б.К. – директор ТОО "НМЦ "ZIAT"

Урунбасарова Э.А – д.п.н., профессор

Орынбаев А. А. – к.п.н.

Турекулова Д.М – д.э.н., профессор,
зав. кафедрой "Менеджмент" КазУЭФимТ

Турекулова А.Н - доктор PhD,
научный сотрудник ТОО "НМЦ "ZIAT"

Умбетпаева С.К – учитель высшей категории,
Заслуженный работник РФ, Почетный учитель России

Баймагамбет О.А – педагог - методист

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Сұхбат/Интервью

Қадырова Ш. Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының басшысымен сұхбат.....4

Педагогикалық тәжірибе/Педагогический опыт

Абишева Г.М. «Басни И.А. Крылова – мудрости урок».....7
Абишева З.А. «Жасарал Еңсепов «Әке толғауы».....9
Дузбаева К.М. «Наурыз құтты болсын – ақ мол болсын!».....11
Ерекешова З.А. «Монеталар».....14
Изенбаева С.Б. «Полное внутреннее отражение».....18
Каримов С.А., Назымбеков Ғ.И. «Маятник түрлері».....22

Ғылыми ізденістер/Научное обозрение

Акылбекова Б.Т. «Юридическая ответственность военнослужащих Республики Казахстан».....27
Иыкбаева Б.Ш. «Балалар үйінің тәрбиеленушілерін рухани адамгершілікке тәрбиелеу».....30
Курманбекова Н.А. «Балалар үйі жағдайында кіші мектеп жасындағы тәрбиеленушілердің танымдық қабілетін арттыру».....32
Мананова А.Б. «Халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру».....34
Нокина А.А. «Этикет общения».....35
Нурманова А. «Система государственного планирования в Республике Казахстан, ориентированная на результат».....38
Смагулова А.А. «Құрылымдық тапсырмалар арқылы оқушылардың саралау тапсырмаларын орындау дағдыларын дамыту».....40

Шығармашылық мүйісі/Уголок творчества

Материалы с детских творческих конкурсов.....42



Шолпан Қадырова: «Пилоттық режимде мектептерде информатика, биология, химия, физика пәндері ағылшын тілінде жүргізіліп жатыр»



Ол үшін Батыс Қазақстан облысында 326 пән мұғалімдері тілдік курстан өтіп менторлардың сүйемелдеуімен жұмыс жасауда.

Үш тілдік саясат бірінші болып білім ордаларынан бастау алды. Жылда жаңартылатын білім беру жүйесіндегі өзгерістерден өзге, ұстаздар жаппай ағылшын тілін меңгеруге міндеттелді. Тіпті тілдік курстан кейін де оларды сүйемелдеу мақсатында менторлық курстар ұйымдастырылады екен. Осы және өзге де білім беру жүйесіндегі өзекті сұрақтарды біз Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының басшысы Шолпан Қадыроваға қойған едік.

Шолпан Маратқызы, жалпы еліміздің батысында қанша мектепке дейінгі және жалпы білім беру мекемелері бар?

2018-2019 оқу жылында 1,2,3,5,6,7,8 сыныптар көшіріліп, жалпы оқушылардың 71%-ы қамтылды. Жаңартылған білім беру мазмұнына көшу бағытында өңірде жүйелі жұмыстар атқарылуда. Жаңартылған білім беру мазмұнының оқу бағдарламаларымен сабақ беру әдістері және критериалды бағалау мәселері бойынша 70 әдістемелік кабинетінің мамандары, 380 бастауыш және негізгі мектептердің барлық пәндері бойынша тренелері, 451 критериалды бағалау бойынша мектеп координаторлары, 824 сабақ берудің әдістері мен технологиялары бойынша тренерлері дәріс алды.

Қазіргі кезде мектепке дейінгі білім беру ұйымдары 507 бірлікті құрайды. Оның ішінде 204-сі балабақшалар, 58-і мектеп-балабақша кешендері, 245 шағын орталықтары бар.

Қазіргі оқу жылында 381 күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектеп жұмыс жасайды, соның 68-і – бастауыш, 71-і – негізгі, 242-сі – орта мектептерінде жалпы саны 101948 оқушы білім алып жатыр. Оның ішінде 258 мемлекеттік тілде 69170 оқушы мемлекеттік тілінде оқытылса, қалғаны 88 аралас мектептерде білім алууда.



Білім беру жүйесінде қандай жаңашылдықтар бар және сіздерде ол қалай жүзеге асырылып жатыр?

Білім беру жүйесі жаңартылған білім беруді оқыту моделіне көшуіне байланысты, 2015-2016 оқу жылында бастауыш білімнің «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» мен оқу бағдарламасын апробациядан өткізетін республика бойынша 30 мектеп ерекшеленіп, облыс бойынша Орал қаласының М. Ықсанов атындағы №36 және Теректі ауданының Шаған жалпы орта білім беретін мектептері енгізілді.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 3 қыркүйектегі №440 бұйрығына сәйкес пилоттық мектептерде ағылшын тілінде жаратылыстану-математикалық цикл пәндерін оқыту элементтерін енгізу жүзеге асырылуда.

Облыс бойынша 129 мектепте пилоттық режимде биология, химия, физика және информатика пәндерін ағылшын тілінде оқыту қажеттілігі айқындалды. Соған орай 326 пән мұғалімдері ағылшын тілі курсынан өтіп, сабақ жүргізуде. Қазіргі таңда мұғалімдерді курстан кейінгі сүйемелдеу мақсатында менторлық курстар жұмыс жасап жатыр.

Халықтың әлеуметтік жағдайы, оның ішінде көпбалалы және жетім-жесірлердің жайы жіті назарға ілігіп отыр. Осы орайда мектеп қабырғасында қандай жұмыстар жүргізіліп отыр?

Облыс бойынша аз қамтылған, көпбалалы отбасылар, жетім балалар және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар мен 1-4 сынып оқушыларын тегін дәруменделген ыстық тамақпен қамтамасыз етуге жағдай жасалған. Яғни, 381 орта білім беру ұйымдарында, облыстағы 377 мектептің 352-де бір рет ыстық тамақпен қамту ұйымдастырылып 100 451 оқушының 73990-сі ыстық тамақпен қамтылды.

Бір реттік ыстық тамақпен қамтылмаған 29 мектеп бар. Айталық, Ақжайық, Жаңақала, Зеленов және Теректі аудандары бойынша 25 мектепте асхана мен буфет болмағандықтан аз қамтылған, көпбалалы отбасылардан, жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар мен 1-4 сыныптар бойынша 241 оқушыға мектеп сүтін жеткізу ұйымдастырылды. Сондай-ақ, интернаты бар 4 облыстық мектеп бес мезгіл тамақтандырумен қамтылған.

2018-2019 оқу жылында сапалы білім берудің қол жетімділігін қамтамасыз ету үшін 90 тиісті мектептері жоқ елді-мекендерден 58 жалпы білім беретін мектептерге 4410 оқушы күнделікті тасымалданады. Оқушыларды күнделікті тасымалдауға 71 автокөлік жұмылдырылып отыр.

Айта кететін бір жәйт, өңірімізде жылдан жылға жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар саны азайып келеді. Бүгінгі күні өңірімізде осы санаттағы 855 бала бар. Оның ішінде 550 бала қамқорлықта, қорғаншылықта, 167 - патронаттық тәрбиеде, 6-қабылдау отбасында, 132 - білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау жүйесіндегі жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелерде тәрбиеленуде.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша балалар үйлерін деинституционализациялау және трансформациялау стратегиясын жүзеге асыру бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Қабылданған шаралардың нәтижесінде былтырғы жылы біздің облыста Облыстық балалар үйі мен Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы біріктіріліп, Өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға арналған орталық ашылды. Облыс көлемінде білім саласында Облыстық отбасы үлгісіндегі балалар ауылы мен колледжінде 96 бала, денсаулық сақтау саласында «Мейірім» облыстық мамандандырылған балалар үйінде 5 бала, әлеуметтік қорғау жүйесінде Көшім балалар үйі 31 бала тәрбиеге алынып, қамқорлыққа ілігіп отыр.



2017 жылдан бастап жетім, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың және балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген тұлғалардың республикалық деректер банкі қалыптастырылып, бала асырап алуға үміткерлер деректер банкісіне тіркеліп, бала тандап, асырап алу құқығын иеленді. Өткен жылы облыс бойынша 37 бала жаңа отбасын тапты.

Сіздің өңірде түлектердің тегін оқуына мүмкіндік бар ма?

Өңірдегі колледждердің инфрақұрылымы жеткілікті деңгейде дамыған. Облыстың техникалық және кәсіптік білім жүйесінде 26 мемлекеттік білім беру ұйымы бар. Оның ішінде 15-сы аудандандарда орналасқан. Колледждерде дайындық 14 сала, 74 мамандық, 139 біліктілік бойынша жүргізіледі.

Мәселен, техникалық, технологиялық және ауылшаруашылық мамандықтары, білім беру, өнер, медицина, сервис, экономика және басқару, заң мамандықтары бойынша оқуға болады. Оның үстіне «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасы аясында облыста техникалық және кәсіптік білімнің қолжетімділігі мен кадрларды даярлау сапасы, индустриалдық-инновациялық даму қажеттіліктерін ескере отырып техникалық және кәсіптік білім беру мазмұнын жаңарту және техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің әлеуетін көтеруде техникалық, технологиялық, ауылшаруашылық бағыттары қарқынды жұмыс жасауда.

Балалар арасында кездесіп жататын аутизм дертін білесіз. Ондай жағдайда оқу-тоқу жайы қарастырылған ба? Сырқат балаларға білім алуға қандай жағдайлар жасалған?

Батыс Қазақстан облысында 3 ПДПК бойынша 173 аутист бала есепте тұр. Мектеп жасына дейінгі бала саны - 55, мектеп жасындағы бала саны - 118. 173 баланың 111-і мүгедектер санатына жатады. Аймақта Б.Өтемұратов қорының қолдауымен өткен жылдың мамырында Орал қаласында «Бәйтерек» Батыс Қазақстан облыстық мүгедек балалардың қоғамдық бірлестігі үкіметтік емес ұйымы базасында «Асыл Мирас» аутизм орталығы ашылды. Оған қоса «Жас Дарын» ҚҚ коммерциялық емес ұйымы Бөрлі аудандық білім беру бөлімі мен Бөрлі аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі және аймақтық ПМПК-ның қолдауымен Ақсай қаласы №3 ЖОББМ базасында «Жаңбыр балалары» пилоттық жобасы бастау алды. Ол жерде аутизм дертіне шалдыққан балалармен ADOS бағдарламасы бойынша диагностикалық жұмыстар жүргізіледі. «Аутистикалық спектр бұзылыстары» диагнозы расталғаннан кейін клиникалық педагогтар балалармен 5 бағдарлама бойынша жұмыс жүргізеді. Мәселен, ерте қолдау көрсету, өмірлік дағдыларын дамыту, әлеуметтік дағдыларын дамыту, оқу дағдыларын дамыту, ата-аналар үшін қарқындылық секілді дүниелер басты назарда. Сондай-ақ балалармен психолог, дефектолог, әлеуметтік педагог, логопед мамандары сабақ жүргізеді. Барлық мамандар Алматы қаласындағы Түзеу педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығындағы дефектологтардың оқу курсының 1-сатысынан өтті. Оның үстіне қай білім ордасының ұстазы болмасын заңнамаға сәйкес әлеуметтік кепілдіктерге ие. Ал ауыл мұғалімдеріне 25 пайыздық үстеме төленеді. Сонымен қатар, ауылға келген жас мамандарға баспаналы болу үшін төмен пайызбен несиелер беру де қарастырылған.

Сұхбатыңызға рахмет!

Басни И.А. Крылова – мудрости урок

Абишева Гулжаухар Мырзахметовна, учитель русского языка и литературы
КТУ «Средняя школа №2 г.Есиль отдела образования Есильского района Акмолинской области»

Цели урока:

Образовательные:

1. Заинтересовать учащихся личностью и творчеством И.А. Крылова.
2. Учить передаче своих наблюдений и переживаний в рисунке.
3. Научить детей понимать аллегорический смысл басен.
4. Изучить жанр басни, работая с текстами, освоить фразеологизмы, пословицы, поговорки.

Развивающие:

1. Развивать у учащихся творческое воображение, эстетическое чувство и понимание прекрасного.
2. Способствовать эмоциональному восприятию басен.
3. Работать над развитием речи.

Воспитательные:

1. Учить видеть смешное в баснях Крылова.
2. Учить переходить от конкретного восприятия к обобщению.

Оборудование урока: Портрет И.А. Крылова, иллюстрации художников к басням, иллюстрации учащихся к басням Крылова, музыкальное сопровождение (фоновая музыка), заготовки с вопросами.

Эпиграф к уроку:

«Люблю, где случай есть, пороки пощипать»

И.А. Крылов.

Ход урока:

И.А. Крылов - русский баснописец. Он писал свои басни и для детей и для взрослых. Эти произведения принесли ему всенародную любовь. Люди читали их и смеялись над своими пороками. Басни Крылова актуальны и в наше время. Сами по себе входят в нашу жизнь умные крыловские звери с их вполне человеческими мыслями, поступками, рассуждениями остаются в памяти на долгие годы, талант баснописца настолько могуч, что никто не мог превзойти его.

1.Фронтальный опрос:

- Что такое басня?
- Назовите основные черты басни.
- Чем басни помогают нам?
- А в чем разница между юмором и сатирой?
- Сколько было И. Крылову, когда он написал свою первую басню?
- На каком инструменте играл И.А. Крылов?
- Как называл народ своего баснописца?
- Сколько басен создано Крыловым?
- Чьи басни стали для Крылова образцом?
- Где установлен памятник Крылову?

2. Угадай героя басни.

Задание: в этом конкурсе нужно угадать героя басни, ответ сначала на русском языке, затем можно на казахском и английском языках.

*она наелась желудей досыта, до отвала. (свинья)

*он виноват уж тем, что кому - то хочется кушать. (ягненок)



- *Он обещал стать охранником овечьих стад. (волк)
- *она все лето пела. (стрекоза)
- *она попала в большие забияки. (собака Моська)
- *она попыталась руководить квартетом. (мартышка)
- *его захлопнула злодейка- западня. (Чиж птица)
- *у него все только мое. (волк)

3. Продолжи фразу.

- Ай, Моська! Знать она сильна.....
- Ворона каркнула во все воронье горло.....
- А вы, друзья, как ни садитесь.....
- Когда в товарищах согласия нет.....
- Когда бы вверх поднять могла ты рыло.....
- А Васька.....
- За что же, не боюсь греха, Кукушка хвалит петуха.....
- У сильного.....
- Чтоб музыкантом быть.....
- Коль корни обнажишь.....
- Ты все пела. Это дело.....
- Невежда также в ослепление.....

4. Инсценировка басен.

«Волк и ягненок», «Ворона и лисица».

Слово учителя: Басня-это литературный жанр, который берет свое начало в далеком прошлом. Родоначальниками басенного искусства принято считать древнегреческого поэта-философа и мудреца Эзопа. Во Франции прославился в басенном жанре Лафонтен, В Германии – Лессинг. Крылов высмеивал пороки людей. Самих людей он представлял в образах птиц, зверей и растений. Обобщения в баснях глубоки, мы учимся понимать истинные нравственные ценности, пользоваться народной мудростью, тем самым накапливаем жизненный опыт.

5. Прослушивание композиции.

На басни Крылова поставлена музыка, много мультфильмов. А сейчас прослушайте композицию Шостаковича к басне Крылова.

Шостакович своей прекрасной музыкой показал нам ярко характеры героев, а И.А. Крылов показал это образными выражениями, точными определениями, глаголами.

6. Лучший чтец басни.

Точные и краткие изречения из его басен вошли в сокровищницу русского языка.

- Какие выражения из этих басен стали афоризмами?

Надеюсь, что и вы свою речь украсите крылатыми выражениями из басен Крылова, потому что они придадут яркость, образность вашей речи, но не забывайте, что употреблять их нужно уместно.

7. Составление синквейна.

Ключевые слова: Крылов, басня.

8. Итог урока:

- Давайте сформулируем правила, которыми должен руководствоваться человек в жизни, опираясь на нравоучения Крылова.
- Каким должен быть человек?
- Какую мораль извлекли из сегодняшнего урока?

Список литературы:

- 1.С.Н. Вачкова « Как научить детей чтению басен»
2. Интернет- ресурсы.



Жасарал Еңсепов «Әке толғауы»

Абишева Зухра Айтбековна, домбыра сыныбының мұғалімі

Жуалы ауданы әкімдігінің білім бөлімінің «№1 Балалар өнер мектебі» КММ

Сабақтың мақсаты: Музыкалық шығарманы ойнаған кезде динамикалық негізді орынды пайдалана отырып, нотаны бірден оқып ойнау қасиетін, музыканы сүйеге тәрбиелеу, сабаққа жауапкершілікпен қарауға және ұқыпты болуға үйрету. Оқушыға эстетикалық тәрбие беру.

Білімділік: Оқушының орындаушылық шеберлігін жетілдіре түсіру үшін күрделі қағыс түрлерін меңгерту. Оқушының музыкалық білімін арттыру.

Дамытушылық: Оқушының бойында музыкалық қабілетінің дамуына себепші болу, ырғақты сезіну, есті білу және есте сақтау қабілеттерін, аспапта ойнау шеберлігін шыңдау. Музыкалық сауатын ашу.

Тәрбиелік: Оқушының зейін жинақтылығын қалыптастыру және оның тапсырманы ұқыпты меңгеруіне аса назар аудару.

Сабақтың түрі: Жаңа сабақ

Сабақтың әдісі: Түсіндіру, үйрету, сұрақ-жауап

Сабақтың көрнекілігі: шығарма авторының портреті, сәйкестендіру тесті, домбыра туралы көрнекіліктер, дискуссиялық сұрақтар, нота ұзақтылығына байланысты көрнекіліктер.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі (2 мин)

II. Үй тапсырмасын сұрау (15 мин)

III. Сергіту сәті (3 мин)

IV. Жаңа сабақ (20 мин)

V. Жаңа сабақты пысықтау (5 мин)

I. Ұйымдастыру бөлімі: Оқушының сабаққа дайындығын байқау. Сабаққа қажетті оқу-құралдарын тексеру. Аспаптың (домбыра) құлақ күйін келтіру.

II. Үй тапсырмасын сұрау: Үйге берілген тапсырманы барлық өткен күйлерді, шығармаларды қайталау. Қайталау алдында қолмен жұмыс жасау, жаттығумен дайындалып, қолымызды жүргіземіз. «Халық күйі», «Келіншек», Раздық «Салкүрен», Орыс халық әні «Светит месяц», Желдібаев «Ерке сылқым», Түркімен күйі «Көреғұлы» барлығын ойнап шығамыз. Қайталап, жаттап келгеніне мән береміз. Оқушыдан сәйкестендіру тест алу.

III. Сергіту сәті: Музыка қосып, аяқ-қолымызды сергітеміз.

IV. Жаңа сабақ: Жасарал Еңсепов «Әке толғауы».

Жасарал Еңсепов – Өнегелі ұстаз, өрелі өнерпаз. Батыс Қазақстанда туып, Ақтөбеде бастапқы білім алған. 1974 - 1978 ж қатарынан құрылыс және мәдени ағарту училищені бітіріп, 1978 - 1983 ж аралығында мұғалім болып қызмет атқарады. Сол жылдары өнерге жақын, дарынды жанды бүкіл Ақтөбе өңірі танып біледі. Жасаралдың өнердегі қабілетін түйсінген танымал композитор, Ақтөбе музыкалық училищесінің директоры Қайырғали Қожанбаев оның өмірін мойындап, оң батасын береді. 1983 - 1989 ж профессор Айытқали Жайымовтың класында оқу бітірді. Жасаралдың өзі консерваторияны бітіре салысымен Алматы қаласы Түрксіб ауданы Балалар музыка мектебінің ұлт аспаптар меңгерушісі болып қызмет атқарды. 1989 - 1993 ж аралығында жүздеген қазақ баласын домбыра тартуға үйретіп, ұлттық сазға нәрлендірді.

Жасарал ЕҢСЕПОВ: Музыканттар да халықтың сұранысын ұдайы ескеріп отырулары қажет. ДЭККО-ның мақсаты - ұлттық аспаптардың деңгейін көтеру, халыққа, әсіресе, жастарға жеткізу. Жастар домбыра аспабынан алшақтап кетті. Неге? Жаһандану



келді. Біз киіз үйдің ішінде қалмауымыз керек. Эстрадалық деңгейі жоғары, заманауи өңдеудің тәсілі арқылы осы бір жаңалықты енгіздім. ДЭККО - 2000 жылы авторлық куәлік алынған мемлекеттік құжат. Халықаралық терминді алғашқыда қазақи сөзбен ауыстыру туралы көп ұсыныстар алдым. Бірақ өзімнің ұстанымымда қалдым, біздің төл сөзіміз болып қалды. Қайта мақтануымыз қажет, көп мемлекеттер бұл стандартқа әлі де ене алмай отыр. Сырт елдерге гастрольдік сапарлармен шыққанда дәстүрлі күймен таң қалдыра алмаймыз. Қазіргі домбыра импровизацияны талап етеді. Сол үрдісті бұздық та, домбыраның басын, мойнын қозғауды енгіздік. Бұрынғыдай отырыста емес, ДЭККО-да еркін отырыс қажет. Отырысқа да патент алдым.

- ДЭККО-ны халық қалай қабылдады деп ойлайсыз?

Жасарал ЕҢСЕПОВ: Он жасынан менің сыныбымда оқыды. Менің балам Асылбек Еңсепов шығатын жерлердің бәріне ДЭККО арқылы шығып жүр. Халықтың сұранысы рок стиліндегі домбыра болды, сол сұраныстың негізінде шықты. Бұл мектепті жалғастырушылар қазір тіпті көбейіп кетті. Кезінде Асылбек оқып жүріп сахнаға шыққанында, консерваториядан шығарып жіберуге дейін барды. Содан кейін барып «Ұлытау», «Саз отаулар» шықты. Ал ДЭККО оркестрге келмейді. Оркестрде басқа аспаптарға орын берілуі тиіс. Алматыда 59 жасқа қараған шағында қазақтың танымал музыканты Жасарал Еңсепов қайтыс болды. Жасарал Жақсылықұлы Еңсепов - қазақтың танымал музыканты, композитор, домбырашы, күйші, домбыра орындаушылардың арасында танымал болған «ДЭККО» (домбыра, эстрада, күй, компьютер орындаушы) жанрының авторы, Алматы қалалық өнер мектебінің негізін салушы, педагогика ғылымының кандидаты, ҚР халық білімнің үздігі.

Жасарал Еңсеповтың «Әке толғауы» күйін таспадан тыңдату ДЭККО домбырада жеке ойнағаны.

Мұғалім домбырамен «Әке толғауы» күйін ойнап береді. Әке толғауы күйінде кілттік бір белгі бар. Ол си бемоль. Бұл күй жайдарлы, әсем үнді бейнелейді. Өлшемі 2\4 жылдам екпінде ойналады. Лига белгісі көп кездеседі. Күйді түсінікті болу үшін 4 бөлікке бөлеп аламыз. 1,2,3,4 цифр аралығы деп. Бұл такт аралығын қайта-қайта санай бермес үшін әрі уақытты тиімді пайдалану үшін қойылады. Оқушы күйдің мазмұны мен характерін сезінуі тиіс. Күйдің күрделі жерін қоршауға алып, оқушыға түсінікті болу үшін бірнеше рет қайталауға беру керек. Негізінде шығырманы цифрға бөліп тиімді әрі жеңіл болады.

V. Жаңа сабақты пысықтау: Оқушымен жаңа сабақты пысықтау үшін музыкадағы жеті дыбысты пайдалана отырып, өтілген жаңа сабақты оқушының қалай қабылдағанын тексеру үшін осы сұрақ-жауап ретінде байқауға болады. Жеті нотаның артына өтілген сабаққа байланысты сұрақтар бар. Оқушы бір нотаны алып, көрсетіп ол қандай нота екенін, нешеге саналатынын айтады және сұраққа жауап береді. Осылай оқушының музыкалық сауатын дамытамыз. Күйді өз бетінше талдау. Күйдің мазмұнын бейнесін ашу. Оқушы дискуссиялық сұрақтарға жауап береді. Оқушымен сөз жұмбақ шешу.

VI. Үйге тапсырма: Еңсеповтың күйі «Әке толғауы» 1-2 цифр аралығын жатқа ойнау. 2-3 цифр аралығын нотамен ойнау.

VII. Қорытынды: Үй тапсырмасы мен жаңа сабақты қалай меңгергеніне қарап өз деңгейіне сай бағалау. 2 сынып оқушысы.



Наурыз құтты болсын – ақ мол болсын!



Дузбаева Камаш Макышовна

№18 «Мереке» бөбекжай-бақшасының II-санат тәрбиешісі

Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы

Мерекеге сай безендірілген залда күмбірлеген күй ойнап тұрады.

Мақсаты: Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі туралы түсініктерін кеңейту.

Білімділігі: Балаларды ұлттық Наурыз мерекесімен, қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыру.

Дамытушылығы: Халқымыздың салт-дәстүрлерін әңгімелеп беру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту.

Тәрбиелігі: Балаларды халқымыздың салт-дәстүрін қадірлей білуге тәрбиелеу.

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар! Бүгін Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесін тойлауға жиналып отырмыз. Наурыз деген сөзді қазақша аударатын болсақ «Жаңа күн» деген ұғымды білдіреді. Күн мен түн теңеліп табиғаттың оянған күні. Наурыз елімізге құт – береке әкелсін. Наурыз құтты болсын! Ақ мол болсын! Ендеше, балалар, осындай береке, бірлік сыйлайтын, татулық пен достықты ту ететін Ұлыстың ұлы күні – Наурыз құтты болсын! Енді осы мерекеге арнап, Наурыз туралы тақпақтарға кезек берейік.

1 - бала:

Наурыз тойы әдемі
Әжем еске түсірді.
Біздерге арнап әдейі
Наурыз көже пісірді.

2 - бала:

Ашылды да кебеже,
Дәм әзірлеу басталды.
Әжем наурыз көжеге
Жеті түрлі ас салды.

3 - бала:

Бидай, күріш, тары бар,
Бар сүт, ет пен шұжығы.
Ащы құрты тағы бар,
Көже – елдің азығы.

4 - бала:

Дала гүлге оранады,
Түрлі түске боялады.
Нұрлы көктем келген кезде
Табиғатты оянады.

5 - бала:

Арпа,бидай бастаған
Жеті дәмнен аспаған
Наурыз көже ежелден



Бұл тойдағы бас тағам.

Жүргізуші:

Наурызым әкелсін деп береке ырыс

Көжеге толып тұрсын барлық ыдыс

Жаңадан келе жатқан жылдың басын

Ақ құйып қарсы алғаның өте дұрыс – деп, Наурыз күні қыстан қалған сұр еттен наурыз көжеге жасап, ағайын – туысқа, көршілерге дәм таттырады. Наурыз көжеге жеті түрлі дәм қосады.

Жүргізуші: Балалар, «Наурыз – біздің жаңа жыл» атты әнімізді орындап берейік.

Ән: «Наурыз – біздің жаңа жыл»

6 - бала:

Тақпақ айтам жыл басы,

Құлағың сал тыңдашы.

Бар бөбекке өзімдей

Тыныш өмір сыйлашы.

7 - бала:

Тақпағым бар жаттаған,

Соны айтам мақтанам.

Бір жасқа мені өсірді

Жаңа жыл жаңа аттаған.

8 - бала:

Күттіріп келген жыл басы,

Бізбен бірге жырлашы.

Дастарханға елімнің

Береке, ырыс сыйлашы.

9 - бала:

О ағайын, ағайын,

Думанға толы маңайың.

Мереке болсып келіп тұр

Наурыз айы бал айың.

10 - бала:

Ұлыс күні бар халық,

Бір – біріне жақындап.

Ізгі тілек тілейді

Ниеттерін айқындап.

Би: «Қара жорға»

Жүргізуші: «Адамның бір қызығы бала деген» - деп халқымыз бекер айтпаған. Шыр етіп дүниеге нәресте келгенде бөркін аспанға атып, қуанбаған жан бар ма? Сол дүние есігін ашқан сәбиге берілетін ұлттық тәрбие, ұлттық салт-дәстүрмен таныстыру балабақшадан бастау алады.

Бауырласқа тәнтіміз

Бұзылмаған антымыз

Кең даланың ежелгі

Қазақ дейтін халқымыз

Өзге ұлттай біздің де

Бар дәстүр мен салтымыз – дей отырып біз бүгін назарларыңызға қазақтың ұлттық салт-дәстүрлерінің бірі - тұсау кесер рәсімін ұсынамыз. «Тұсаукесер» баланың ең алғаш қадам басқан тойы. Баланың қадамы нық болып, тез жүріп кетсін деген ырыммен еті тірі, жүрісі түзу адамға тұсау кесуді тапсырады. Тұсау кесудің үш түрі бар. Кім айтады, қандай түрлері бар?



Тоқ ішекпен кеседі. «Тоқ ішекпен кескенім – тоқшылық болсын дегенім» - бала аштық көрмесін, әрқашан тоқ жүрсін деп, малдың тоқ ішегімен тұсау кеседі. «Көк шөппенен кескенім – көктей көгерсін дегенім» - деп тұсауды көк шөппен кеседі. «Ала жіппен кескенім – адал болсын дегенім» - деп адамгершілік қасиеті биік болсын, кісінің ала жібін аттамасын деп ала жіппен кеседі.

Жүргізуші: Тұсау кесудің түрлерінің түрлерін біледі екенсіңдер. Ондай болса тұсау кесу дәстүрін бүгін бізге қонаққа келіп отырған әжелеріміз көрсетсін.

Әже: Мен үшін адамгершіліктен асқан асыл қасиет жоқ. Ендеше балам адал болсын, біреудің ала жібін аттамасын деген ниетпен баламның тұсауын ала жіппен кесейін. Сәбиді кілемнің үстіне шығарып, алдына ақ шүберек жайып, тақпақтата отырып тұсауын кеседі. Екі бала екі қолынан ұстап, ақ жолдың үстімен жетектеп, тақпақтарын айтып тілектерін білдіреді.

Қаз-қаз балам, қаз балам

Қадам бассаң мәз болам

Қадамыңа қарайын

Басқаныңды санайын.

Жүре қойшы құлыным,

Желбіресін тұлымың.

Елгезек бол ерінбе

Ілгері бас шегінбе.

(Әже тұсау кесерге арнап әкелген шашу шашылады)

Жүргізуші:

Сыйлай білсең ата-баба мұрасын

Қазақтардан табылады жыр асыл

Уа, Құдайым ондасын

Қыдыр бабам қолдасын деп,

Үлкендерден бата тілеп тұрасың – дегендей әжемізден бата алайық

Әже:

Ардақтадың атанды,

Мен берейін батамды.

Сыйлап ата-ананы,

Азамат бол саналы.

Уа, Құдайым ондасын,

Жаманшылық болмасын.

Наурыз тойы құтты болсын!

Ақ мол болсын! Халық тоқ болсын!

Уайым қайғы жоқ болсын! Әумин!

Жүргізуші: Кішкентай сәбиіміздің тұсауы кесілді. Ол тай құлындай шапқылап жүре берсін деген тілекпен «Тәй-тәй басқан балапан» әнін орындап береді.

Жүргізуші: Балалар, бүгін біз мерекеде ұлттық ойын ойнағанымыз дұрыс болар.

Ойын: «Қыз қуу», «Хан талапай»

Нұрай:

Нұраймын мен, сұлуым өнері асқан,

Биледім мың бұралып сәби жастан.

Қайда менің өнерпаз сіңлілерім

Ортаға шығыңдаршы тартынбастан.

Би: «Қамажай»

Жүргізуші:

Ілесіп наурыз бенен көктем жетсін,

Көңілін үлкен кіші көкке өрлетсін,



Еңсесі көтеріліп ер азамат

Ескі жылмен реніш, өкпең кетсін – дегендей жаңа жыл бақыт, табыс, достық әкелсін дей отырып осымен мерекелік ертеңгілігімізді **«Көктем келді»** әнімен аяқтаймыз.

Монеталар

Ерекешова Зайра Амирхановна, бастауыш сынып мұғалімі

Ақсай қаласының №5 жалпы орта білім беретін мектебі

Пәні: Математика	Мектеп: Ақсай қаласының № 5 ЖОББМ	
Күні:	Мұғалімнің есімі: Ерекешова Зайра Амирхановна	
СЫНЫП: 1-сынып	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Ортақ тақырап:	«Тағам және сусын», «Дені саудың – жаны сау» тақырыптары аясында	
Бағдарлама бөлімшелері:	4А бөлім: Күнделікті өмірдегі есептеулер	
Сабақ тақырыбы:	Монеталар	
Осы сабақта қол жеткізілетін мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	1.1.1.9 Монеталар (теңге) және олардың номиналды құны туралы білу	
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: 1 тг, 2 тг, 5 тг, 10 тг, 20 тг теңгелік монеталармен әртүрлі амалдар орындайды;	
	Оқушылардың басым бөлігі: қосу мен азайтуға берілген есептерге қатысты таңдаған амалдарын түсіндіреді;	
	Кейбір оқушылар: Теңгелік монеталардың құнын түсіну, бір-бірімен салыстыру арқылы номиналы қымбаттырақ монетаны номиналы арзан монетадан ажырата білу.	
Жетістік критерийлері	Теңгелік монеталарды номиналды құны бойынша бір-бірінен ажырата білуді меңгереді.	
Құндылықтарды дарыту	Ұжымшылдыққа тәрбиелеу, жауапкершілік, сыйластық, өзара түсіністік құндылықтарды қалыптастыру.	
Пәнаралық байланыс	Дүниетану, қазақ тілі пәндерімен байланыс орнайды.	
АКТ қолдану дағдылары		
Тілдік құзыреттілік	Ақша, теңге	
Бастапқы білім	Теңгелік монеталардың құнын түсінеді, бір-бірімен салыстыру арқылы қымбат монетаны арзан монетадан ажыратады.	
Ресурстар:	*теңгелік монеталар; *монеталардың қатты қағаздан қиылған көшірмесі; *1 тг, 2 тг, 5 тг, 10 тг, 20 тг монеталарының әрқайсысынан бірнеше дана.	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар



кезендері		
Сабақтың басы Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру 5 минут	Ертеңгілік шеңбері Қол алысып, қәне, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрыңдар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру! Қандай жақсы дос болу! – Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш!	Шаттық шебері
Сабақтың ортасы 30 минут	<i>Қалталардың түбінде</i> <i>Сылдыр-сылдыр етеді.</i> <i>Адамдарға мәңгілік</i> <i>Адал қызмет етеді.</i> Ақшаның металдан жасалған түрі капиталдың қорлануы кезеңінде пайда болды, яғни ақшаның рөлін алтын мен күміске теңестірді және қазына әлемдік ақша ретінде танылды. Лидия мемлекеті монетаның отаны есептеледі. Онда монета алғаш рет б.з.д. VII ғасырда шыққан. Ал монета термині Юнон Монета храмы атымен байланысты, себебі Көне Римде алғашқы монета сарайы болған. Металл ақшаларға мыс, күміс және алтыннан жасалған монеталар жатады. Металл ақшалар әртүрлі пішінде болған. Монета түріндегісі олардың соңғысы. Монетаның бет жағы аверс, артқы жағы реверс және бүйірі гурт деп аталады. “Монеталар пойызы” ойыны. Теңге монеталары (1, 2, 5, 10, 20, 50, 100) бар қалталар алып қағып дыбыс шығару. -Балалар қалтада не бар? -Кешегі сабақта біз монета туралы не білдік? Құны аз монеталардан бастап қалтадан біртіндеп шығару. -Мынау қай монета? Бұл монетаның номиналды құнын білесіңдер ме? Монетада жазылған сан оның номиналды құнын білдіреді. (Т) Әр топқа қапшыққа салынған монеталарды беру. Ең кішісінен үлкеніне қарай орналастыр Кему ретімен санайды.	Ішінде (1, 2, 5, 10, 20, 50, 100) монеталар/теңгелер бар қалта, әр оқушыға біреуден. (Топтардың арасында тексеру жұмысын жүргізіледі, дұрыс орналастыра алмаған оқушыларға жеке



	100тг, 50тг, 20тг, 10тг, 5тг, 2 тг, 1 тг. Ең соңғы монета туралы не айта аласың? Сұрақтар қою. -100 тг мен 20тг ортасында номиналы қандай монета орналасқан? (50тг монета) - номиналы 5 теңгелік монетаның екі жағында неше теңгелік монеталар орналасқан? -(2 тг және 10 тг монеталар) 1 тг мен 10 тг ортасында қандай монеталар орналасқан? (2 тг және 5 тг монеталар) Қорытынды жасауын қадағалау: номиналы кіші монетаның құны төмен, номиналы үлкен монетаның құны жоғары болады. Тақтамен жұмыс. (ауызша) Әмияндағы монеталар. $5тг < 10тг$ $50 тг < 100 тг$ $1тг+1тг+1тг+1тг+1тг < 2$ $тг+2тг+2тг+2тг+2тг$ $5тг < 10тг$ 1 теңгелік он монетаның құны 10теңгелік бір монетаға тең болады. Монета қанша? (Өздік жұмыс) 5 минут 10 тг алу үшін, неше 2 тг монетасы қажет болады? 20тг алу үшін, неше 10 тг монетасы қажет болады? 20тг алу үшін, неше 5 тг монетасы қажет болады? 50 тг алу үшін неше 10 тг монетасы қажет болады? (Т) Шығарып көр. 1 топ 1 тг, 2тг, 5тг, 10тг монеталарының бір түрінен неше рет алып 20 тг жинауға болады? Номиналды құны бірдей монеталарды қолдан. Мысалы 20 монета құны 1 теңгеден болу керек. Жауабы: • 1 тг- 20 дана • 2тг- 10 дана • 5 тг- 4 дана 10тг- 2 дана 2 топ 5тг, 10тг монеталарының бір түрінен неше рет алып 50 тг жинауға болады? Номиналды құны бірдей монеталарды	түсіндіріңіз.)
--	--	-----------------------



	қолдан. Мысалы 50 тг монета құны 5 теңгеден болу керек. 3 топ 20 тг, 50 тг, 2 тг 1 тг 10 тг монетаны пайдаланып 154 тг жина. 4 топ 5 тг 10 тг 20 тг монетаны пайдаланып, 115 тг жина Қ.Б Суреттегі монеталарды салыстыр. 													
Сергіту сәті. 2 минут	Сергіту сәті "Көңілді күн"	Оқушылар орындарынан тұрып орындайды.												
Қызықты тапсырма 4 минут	«Математикалық домино» ойыны <table border="1"> <tr> <td>Монета дегеніміз не?</td><td>Қазақстанның ұлттық валютасы қалай аталады?</td><td>Теңге қай жылы айналымға шықты?</td></tr> <tr> <td>Теңгенің қандай түрлері бар?</td><td>Теңгенің қандай номиналды монеталары бар?</td><td>Барлық теңге монеталарының жалпы құны қанша?</td></tr> </table> <table border="1"> <tr> <td>АҚША</td><td>ТЕҢГЕ</td><td>1993 жылы 15-қараша</td></tr> <tr> <td>Монеталар және қағаз ақшалар</td><td>1 тг, 2 тг, 5 тг, 10 тг, 20 тг, 50 тг, 100 тг.</td><td>188 тг</td></tr> </table>	Монета дегеніміз не?	Қазақстанның ұлттық валютасы қалай аталады?	Теңге қай жылы айналымға шықты?	Теңгенің қандай түрлері бар?	Теңгенің қандай номиналды монеталары бар?	Барлық теңге монеталарының жалпы құны қанша?	АҚША	ТЕҢГЕ	1993 жылы 15-қараша	Монеталар және қағаз ақшалар	1 тг, 2 тг, 5 тг, 10 тг, 20 тг, 50 тг, 100 тг.	188 тг	
Монета дегеніміз не?	Қазақстанның ұлттық валютасы қалай аталады?	Теңге қай жылы айналымға шықты?												
Теңгенің қандай түрлері бар?	Теңгенің қандай номиналды монеталары бар?	Барлық теңге монеталарының жалпы құны қанша?												
АҚША	ТЕҢГЕ	1993 жылы 15-қараша												
Монеталар және қағаз ақшалар	1 тг, 2 тг, 5 тг, 10 тг, 20 тг, 50 тг, 100 тг.	188 тг												
Аяқталуы 2 минут	  20 теңге 47 теңге Какао мен тәтті тоқаш үшін төлем жасаудың 2-3 әдісін көрсет. ___ тг = _____ ___ тг = _____ ___ тг = _____													
Сабақтың соңы 5 минут	Қорытынды Номиналды құны бойынша ең кіші монета қандай?													



	Монеталарды номиналды құны бойынша кему ретімен айт. Номиналды құны бойынша 20 теңгелік монета қандай монеталардан артық? Номиналды құны бойынша 20 теңгелік монета қандай монеталардан кем? 20 теңгелік монета алу үшін неше 1 теңгелік монета керек? 10 теңгелік монета алу үшін неше 5 теңгелік монета керек? Кері байланыс 	
--	---	--

Полное внутреннее отражение

Изенбаева Сауле Баймуханбетовна, учитель физики

Назарбаев Интеллектуальная школа химико-биологического направления г.Алматы

Цели урока:

общеобразовательная:

формирование понятия о физическом явлении "полное внутреннее отражение света"; выяснить условия возникновения полного внутреннего отражения; вывести закон полного внутреннего отражения света; изучение практического применения этого физического явления.

Развивающая:

развитие логического мышления и творческих способностей учащихся; развитие умения анализировать, выдвигать гипотезы; умение применять теоретические знания для решения задач; развитие умений сравнивать, выявлять закономерности, обобщать; умение работать с информацией, пользоваться ИКТ.

Воспитательная:

развитие познавательного интереса к предмету; развитие культуры общения и культуры ответа на вопросы; развитие личностных качеств: взаимопомощь, способность к сотрудничеству

Тип урока: комбинированный урок.

Форма проведения урока: фронтальный опрос, беседа, самостоятельная работа, тестовые задания, использование Интернет-ресурсов. ЦОР 2912. Полное внутреннее отражение света.

Оборудование:

ТСО: ПК, мультимедийный проектор, демонстрация опытов, презентация, анимации, образец оптоволоконного кабеля.

Структура урока:

1. Организационный этап
2. Этап подготовки учащихся к активному усвоению знаний



3. Изучение нового материала
4. Этап закрепления знаний
5. Подведение итогов урока
6. Домашнее задание

Ход урока

Организационный этап

- обеспечить нормальную обстановку для работы на уроке, психологически настроить учащихся к занятию;

Сообщение темы урока. Формулирование целей урока совместно с учащимися.

Актуализация знаний

Учитель:


Сегодня на уроке нам предстоит рассмотреть явление полного внутреннего отражения света и изучить практическое применение этого явления.

Повторение изученного материала

Для проверки основных знаний учащимся предлагается ответить на вопросы

№	Вопрос	Предполагаемый ответ
1	С какими явлениями мы по-знакомились?	Явление отражения света, явление преломления света.
2	В чем суть отражения света?	Явление отражения света – изменение направления луча при попадании на границу раздела двух сред. При этом часть света, а иногда и весь свет, возвращается в первую среду. Это явление помогает воспринимать окружающие предметы.
3	Сформулируйте закон отражения света.	Падающий луч, отраженный луч и перпендикуляр к границе раздела двух сред, восстановленный в точке падения луча, лежат в одной плоскости, $\alpha = \gamma$.
